



БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы,  
Басқарма төрағасы-Ректор

С.Н.Идрисов

« 14 » 06 2024 ж.

**«6В03201-Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасы  
бойынша шығармашылық емтихандар  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Әзірлеушілер:

«Журналистика және қоғаммен байланыс»

кафедрасының меңгерушісі,

филос.ғ.д., профессор



Ө.Қ.Бекежан

«Атырау-Ақпарат» ЖШС директорының

кеңесшісі



И.Қ.Балмағамбетов

«Журналистика және қоғаммен байланыс»

кафедрасының аға оқытушысы,

гуманитарлық ғылымдар магистрі



Г.Б.Исмурзина

Қабылдау шығармашылық емтихандарынның бағдарламасы

Журналистика кафедрасы отырысында талқыланды

2024 жылғы "12" сәуірдегі № 9 хаттама

«Журналистика және қоғаммен байланыс»

кафедрасының меңгерушісі,

филос.ғ.д., профессор:



Ө.Қ.Бекежан

Гуманитарлық ғылымдар және өнер

факультетінің деканы, PhD:



Д.Ұ. Хамидуллина



## МАЗМҰНЫ:

1.Жалпы ережелер .....	4
2.Шығармашылық емтиханның тәртібі. ....	4
3 I этап – жазбаша шығармашылық емтихан (шығарма).....	5
4. II этап – ауызша шығармашылық емтихан (әңгімелесу).....	7
5. Ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге арналған әңгімелесудің бағдарламасы .....	9
6.Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әңгімелесудің бағдарламасы .....	10
7. Шетел азаматтарын қабылдауға арналған әңгімелесудің бағдарламасы.....	10
8. Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға арналған әңгімелесудің бағдарламасы.....	11

# 1. Жалпы ережелер

Осы ереже ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгі ережелерін, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Шығармашылық емтиханды өткізу оқуға түсушілердің қабілеттерін және «6В03201-Журналистика және ақпарат» білім бағдарламаларын меңгерудің жеке алғышарттарын анықтауға бағытталған.

Шығармашылық емтихан өткізудің мақсаты:

Талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғы шарттарының болуын тексеру болып табылады.

Шығармашылық емтихан өткізудің міндеттері:

1. шығармашылық емтихан тапсыратын талапкерлердің шығармашылық еркіндігін қорғау;
2. түсу шығармашылық емтихандары комиссиясы мүшелерінің кәсіби құзыреттерін және бағалауды таңдау құқығын қорғау;
3. шығармашылық емтихандарды өткізудің объективтілігін қамтамасыз ету.

## 2. Шығармашылық емтихан өткізу тәртібі

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілердің өтініштерін қабылдау олардың таңдаған жоғары оқу орындарының орналасқан жері бойынша 20 маусымнан 10 тамызға дейін жүзеге асырылады (грант 7.07 дейін, ақылы 10.08).

Шығармашылық емтихан 7 шілдеден 15 тамызға дейін, 2 кезеңде өткізіледі: грант 15.07 дейін, ақылы 15.08 дейін.

«6В03201-Журналистика және ақпарат» білім бағдарламалар тобына түсуші талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтихандарды өткізу үшін журналистика кафедрасы меңгерушісінің ұсынысы бойынша пәндік және апелляциялық комиссия құрылады және оны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ПК төрағасы бекітеді.

Комиссия мүшелері тақ санынан тұрады және комиссия мүшелері арасынан көпшілік дауыспен комиссия төрағасын сайланады. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Пән комиссиясы талапкерлерді қабылдау кезінде жылына бір рет жұмыс істейді.

Шығармашылық емтиханның кестесін, өткізу күнін, уақыты мен орнын, кеңесті қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей жеткізіледі.

Шығармашылық емтихан тапсыратын аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге қойылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Талапкер дәлелсіз себептермен емтиханға кешіккен жағдайда, талапкер емтиханға жіберілмейді. Егер талапкер емтиханға дәлелді себеппен кешіксе, онда ол емтиханға жіберіледі және жазылған эссе басқа талапкерлермен бір уақытта тапсырады.

Талапкердің емтихан тапсырмаларын тексеруді комиссия мүшелері жүзеге асырады. Комиссия мүшесі емтиханның шығармашылық тапсырмаларын тексеру кезінде әрбір талапкерге жеке объективті баға беруге міндетті.

Комиссия мүшесіне қызметтік жағдайын пайдакүнемдік мақсатта пайдалануға, өз міндеттеріне немқұрайлылық танытуға тыйым салынады.

Талапкер шығармашылық емтиханды ЖОО-на қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырғаннан кейін белгіленген күні тапсырады.

### **3. I этап – жазбаша шығармашылық емтихан (шығарма):**

Шығарма ұсынылған тақырыптардың біріне үш сағат ішінде бейнежазбамен жабдықталған арнайы бөлінген аудиторияда жазылады. Жұмыстар қолжазба нұсқасында қабылданады. Жазбаша шығарма үшін ең жоғары ұпай - 50 ұпай. 5 балдан төмен нәтиже қанағаттанарлықсыз деп бағаланады.

Шығарма келесі өлшемдерге сәйкес болуы керек:

1. Шығарма кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды болуы тиіс;
2. Мәтін абзацтарға бөлінуі тиіс;
3. Композицияда мынадай абзацтар болуы мүмкін: кіріспе-1-2 абзац, негізгі бөлігі-4-5 абзац, қорытынды-1-2 абзац;
4. Берілген дәптердің толық 2,5 бетінен кем болмауы тиіс.

Талапкерге емтихан кезінде басқа істерге алаңдауға немесе айналасындағыларды мазалауға, жұмысты басқа жақтан орындауға; ұялы телефонды, фотоаппаратты, диктофонды, ноутбукты пайдалануға рұқсат етілмейді.

Талапкерге емтихан кезінде аса қажет болған жағдайда Комиссия мүшесінің ілесіп жүруімен бір рет қана шығуға рұқсат етіледі.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады. Талапкерлердің бағалары қойылғаннан және олармен танысқаннан кейін, алған балдармен келіспеген жағдайда, талапкер апелляцияға жазбаша өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған адамның өзі береді. Өтініштер шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ке дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды. Апелляциялық комиссия талапкердің өтінішін ЖОО-да белгіленген рәсімге сәйкес қарайды. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысушы мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Комиссия мүшелерінің қолдарымен расталған шығарма, бағасы бар тексерілген жұмыс талапкердің жеке ісіне тігіледі.

### ***Бағалау критерийлері***

Комиссия мүшелері талапкердің шығармасын келесі критерийлер бойынша бағалайды:

#### ***"Өте жақсы" 50-40 балл талапкерге, егер:***

- жұмыстың мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келеді;
- нақты қателер жоқ;
- мазмұн дәйекті баяндалады;
- жұмыс сөздік байлығымен, қолданылатын синтаксистік конструкциялардың әртүрлілігімен, сөздердің нақтылығымен ерекшеленеді;
- стильдік бірлік пен мәтіннің мәнерлілігіне қол жеткізілді;

#### ***"Жақсы" - 39-20 балл – егер талапкерге қойылады:***

- жұмыстың мазмұны тақырыпқа сәйкес келеді (тақырыптан шамалы ауытқулар бар).
- ойды баяндауда бірізділіктің елеусіз бұзылуы бар.
- сөйлеудің лексикалық және грамматикалық құрылымы әртүрлі.
- жұмыс стилі бірлігімен және жеткілікті мәнерлігімен ерекшеленеді;

#### ***"Қанағаттанарлық" – 19-5 балл-талапкерге қойылады, егер:***

- жұмыста елеулі ауытқуларға жол берілсе;
- баяндау реттілігінің жекелеген бұзушылықтарына жол берілген жағдайда;

- кеден сөздік және бір түрлі қолданылатын синтаксистік конструкциялар, дұрыс емес сөз қолданылғанда;

- жұмыс стилі бірлігімен ерекшеленбейді, сөйлеу мәнері жеткіліксіз;

#### ***"Қанағаттанарлықсыз" - 4-0 балл талапкерге қойылады, егер:***

- жұмыс тақырыпқа сәйкес келмегенде;
- жұмыстың барлық бөлімдеріндегі ой реттілігі бұзылғанда;
- жұмыс жоспарға сәйкес келмесе;
- жұмыс бір үлгідегі қысқа сөйлемдермен жазылса;
- мәтіннің стильдік бірлігі бұзылған жағдайда.

## **Жазбаша емтихан тапсырмаларының тақырыптары**

Жазбаша шығармашылық емтихан тақырыптары жарияланбайды.

№1 қосымша

1. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – халқымыздың ұлы мұраты.
2. Еркін елдің ұланымын.
3. Жастар – еліміздің болашағы.
4. Үш бақытым (ана тілім, туған жер, асыл халқым).
5. Журналист болғым келеді.
6. Тіл – адамның бейнесі, айнасы.
7. Қазақ тіліндегі жаңа медиа – бүгінгі мен ертеңі.
8. Әлеуметтік желілерді (twitter, facebook, платформа блогы) тиімді пайдалану.
9. Менің болашақ мамандығым.
10. Менің сүйікті кейіпкерім.
11. Тарих тағылымдары.
12. Менің сүйікті мектебім.
13. Атырау – арман қала.
14. Халел Досмұхамедовтың туғанына - 140 жыл.

### **4. II этап – ауызша шығармашылық емтихан (әңгімелесу):**

Ауызша шығармашылық емтихан басталмас бұрын комиссияға; негізгі құжаттардан басқа, мүмкіндігінше төмендегі материалдар салынған портфолио ұсынылады:

- БАҚ редакцияларының немесе Қазақстан Журналистер Одағының жергілікті ұйымының мінездеме-ұсынысы;
- газеттер мен журналдардағы авторлық жарияланымдар, сценарийлер, радио мен теледидарға арналған мәтіндер, қолжазбалар (өлеңдер, әңгімелер, новеллалар, суреттер және т. б.), фотосуреттер;
- дипломдар, грамоталар, мақтау қағаздары, сертификаттар, алғыс хаттар және жас тілшілер мен т. б. конкурстарға қатысқанын растайтын басқа да құжаттар.;
- журналистикадағы шығармашылық және кәсіби жұмысқа қатысты басқа да материалдар.

Талапкердің қалауы бойынша, баспа материалдары көшірме, фотоға түсірілген түрінде ұсынылады, түпнұсқалармен толықтырылуы мүмкін.

Талапкер осындай материалдары болмаған жағдайда да шығармашылық емтихандарға қатысуға жіберіледі.

Кәсіби қабілетін анықтау үшін әңгімелесу әр талапкермен еркін диалог түрінде жеке жүргізіледі. Бұл кезеңнің негізгі міндеті-талапкердің шығармашылық мүмкіндіктері, оның кәсіби бағдар деңгейі, мәдениеті туралы түсініктерді тереңдету. Әңгімелесу барысында Комиссия мүшелері шығармашылық жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайды.

Әңгімелесу міндеттеріне:

- мамандық таңдаудың мотивациясы мен саналы болуы;
- әлеуметтік бағдарлану;
- журналистика саласындағы бағдарлану;
- жалпы мәдени даму деңгейі, ой өрісінің кендігі;
- талапкерлердің мүдделері шеңбері;
- болашақ мамандыққа қажетті қасиеттер.

Комиссия алқалы түрде әңгімелесудің қорытынды бағасы туралы шешім қабылдайды, қажет болған жағдайда ерекше ескертулерді белгілейді.

Кәсіби қабілетін анықтау үшін әңгімелесу үшін ең жоғары балл - 50 балл. 5 балдан төмен – қанағаттанарлықсыз баға.

Шығармашылық емтихан презентация түрінде өткізілетіндіктен, апелляция қабылданбайды.

### ***Бағалау критерийлері***

***"Өте жақсы"*** – ***50-40 балл талапкерге*** талапкерлер ұсынған авторлық басылымдар мен қолжазбаларды талдау қорытындысы үшін, сондай-ақ комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толық, нақты, түпнұсқа және дәлелді жауап берген талапкерге беріледі.

***"Жақсы"*** - ***39-20 балл талапкерге беріледі***, егер сұрақтардың көпшілігіне жауап берсе, бірақ интеллектуалды жарқылсыз, журналистік қызметтің мәнін жақсы білуін және түсінуін көрсеткен;

***"Қанағаттанарлық"*** - ***19-5 балл талапкерге беріледі***, егер сұрақтарға толық жауап бермесе (жауаптан кетсе), журналистика туралы беттік (бұрмаланған) түсінік табылса; журналистиканың дамуы мен жекелеген журналистердің шығармашылығындағы үрдістерді бағалай алмайды.

***"Қанағаттанарлықсыз"*** - ***4-0 балл талапкерге***, егер Комиссия мүшелерінің көптеген сұрақтарына жауап бермесе, таңдаған мамандығы бойынша өте әлсіз пікір білдірсе, беріледі.

### ***Ауызша емтихан тапсырмаларының тақырыптары:***

Әңгімелесу барысында талапкердің кәсіби қабілетін анықтау үшін талапкерге берілуі мүмкін:

- өмірбаяндық жоспар сұрақтары (егер олар қажет болса);
- талапкерлердің таңдаған мамандығы мен мамандануына бағытталу дәрежесін, осындай таңдаудың саналы болу дәрежесін анықтайтын сұрақтар;
- талапкердің қоғамдық-саяси дайындық деңгейін, оның журналистика саласында бағдарлануын, ойлау дербестігін анықтайтын сұрақтар;
- журналистика саласы аясында талапкердің білімділік деңгейін анықтайтын сұрақтар. Абитуриент мәдениет, қоғамдық өмір оқиғаларына, олардың қатысушыларына жеке көзқарастарын негіздеуі; БАҚ-тың пікірталас мәселелерін атауы және олар туралы өз бетінше пайымдауларын білдіруі тиіс.
- мүдделер шеңберін, ой-өрісін, әртүрлі сабақтарға және қызмет түрлеріне бейімділігін анықтайтын мәселелер;



- талапкердің мінез-құлқын бақылаумен толықтырылған тұлғаның психологиялық қасиеттерін анықтауға арналған сұрақтар (бақылау, ассоциативті, бейнелі ойлау қабілеті, зейінді жедел ауыстыру, аналитикалық ойлау қабілеті, сөйлеу мәнерлілігі, коммуникабельділік, тапқырлық және т. б.).

## **5. Ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге арналған әңгімелесудің бағдарламасы**

Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі талапкер үшін әңгімелесу психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып психолог, дефектолог мамандардың қатысуымен жүргізіледі. Жеке ерекшеліктері бар талапкермен әңгімелесу кезінде төмендегідей талаптар қамтамасыз етіледі:

- денсаулық мүмкіндіктері шектеулі емес талапкерлермен бірлесіп;
- жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық көмек көрсететін ассистенттің қатысуымен (жұмыс орнына отыру, қозғалуы, тапсырманы оқу және рәсімдеу, комиссия мүшелерімен қарым-қатынас жасау);

- талапкердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық құралдарды пайдалана отырып;

- аудиторияда, әжетханада және басқа да орындарда мүмкіндігі шектеулі талапкермен кедергісіз қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ оның көрсетілген орындарда болуы (пандустардың, тұтқалардың, кеңейтілген ойықты есіктерінің, жеделсатыларының болуы/аудиторияның бірінші қабатта орналасуы, арнайы креслолар мен басқа да құрылғылардың болуы)

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі оқуға түсушінің жазбаша өтініші бойынша әңгімелесу ұзақтығы оны тапсырудың белгіленген ұзақтығына қатысты ұзартылуы немесе қысқартылуы мүмкін.

ДМШ оқуға түсушінің жеке ерекшеліктеріне байланысты Университет қабылдау өткізу кезінде келесі талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді:

### **1. Зағиптар үшін:**

- әңгімелесуге арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар бедерлі-нүктелі Брайль шрифтімен немесе зағиптарға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютердің көмегімен қолжетімді электрондық құжат түрінде ресімделеді не ассистент оқиды;

- жазбаша тапсырмаларды қағазда Брайль бедерлі-нүктелі кәріппен немесе зағиптарға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету бар компьютерде орындайды немесе ассистентке нұсқау береді.

### **2. Нашар көретіндер үшін:**

- тапсырмалар мен өзге де материалдар үлкейтілген кәріппен ресімделеді;

- кем дегенде 300 люкс жеке біркелкі жарықтандыру қамтамасыз етіледі;

- қажет болған жағдайда үлкейту құрылғысы беріледі немесе өз құрылғысын пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Естімейтіндер және нашар еститіндер үшін, сөйлеу қабілеті нашар:

- ұжымдық пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратураның болуы қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда жеке пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратура беріледі.

4. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін (жоғары аяқ-қолдардың қозғалыс функциялары ауыр бұзылған немесе жоғарғы аяқ-қолдардың болмауы):

- жазбаша тапсырмаларды мамандандырылған бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерде орындайды немесе ассистентке айтады.

Денсаулығы мүмкіндігі шектеулі талапкермен әңгімелесу өткізу басталғанға дейін өзінің жеке ерекшеліктерін көрсете отырып, әңгімелесу өткізу кезінде оған арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы қабылдау комиссиясына өтініш береді. Өтінішке оқуға түсушінің жеке ерекшеліктерінің бар екенін растайтын құжаттары қоса беріледі. Өтініште әңгімелесу кезінде ассистент бөлу қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын көрсетеді.

Инклюзивті оқыту- талапкерлердің тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Мүмкіндігі шектеулі талапкерлерді қабылдауда мамандыққа қажетті қабілеттілікті анықтауға мүмкіндік беретін арнайы жабдықталған кабинеттерде қабылдау қарастырылады. Журналистикаға бейім мүгедек жандарға қолдау көрсетіледі. Қажет болған жағдайда арнайы мамандар шақырылады.

**6. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әңгімелесудің бағдарламасы**

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін «6В03201-Журналистика және ақпарат» Білім бағдарламасына оқуға қабылдау әңгімелесу арқылы жүргізіледі.

**7. Шетел азаматтарын қабылдауға арналған әңгімелесудің бағдарламасы**

1. Шетел азаматтарын ақылы негізде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне оқуға қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Әңгімелесу кезінде талапкер жалпы білімін, өмірлік тәжірибесін, сенімі мен жетістіктерін, өмірлік ұстанымы мен дүниетанымын көрсетуі тиіс.

2. Әңгімелесу кезеңі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қабылдау ережесіне сәйкес қабылдау науқаны кезінде жүргізіледі. Әңгімелесу кестесі (күні, уақыты, орны) қабылдау комиссиясының ақпараттық тақталарында және университет сайтында орналастырылады.

3. Талапкерді әңгімелесуге жіберу жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.

4. Шетел азаматтарын қабылдауға арналған әңгімелесу ауызша түрде болады. Қажеттілік болғанда аудармашыны қатыстыру ескеріледі. Сондай-ақ сөздіктерді, ұялы телефондағы аудармашыны пайдалануға рұқсат етіледі.

5. Әңгімелесу кезінде бағалау критерийлеріне қойылатын талаптар:

- қойылған сұрақтарды түсініп, жауап беруі (дұрыс, анық баяндау);
- арнайы орта білімінің таңдаған ББ мақсатына сәйкес келуі;
- шығармашылық қызығушылық дәрежесі;
- сөйлеу мәдениеті.

## **8. Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға арналған әңгімелесудің бағдарламасы**

1. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2. Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.